## Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023оқу жылындағы 1-сыныптың тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 1-сыныпта барлығы 5-оқушы қабылданды.Оның екеуі-ұл,екеуі -қыз.Барлық оқушылар толық отбасында тәрбиеленуде.Осы оқу жылында бірінші ауысым уақытымен оқыды,себепсіз сабақтан қалған оқушы жоқ.Оқу жылының басында 1- класқа жылдық тәрбие жұмысы жасалып,мектеп директоры мен тәрбие ісінің орынбасарымен бекітілді.

Жылдық жоспармен жұмыс жасар кезде төмендегідей нормативтік -құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып,жұмыс жасадық.

-ҚР АТА ЗАҢЫ

-ҚР БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

-БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ конвенция

-БАЛАЛАРДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНА ЗАРДАБЫН ТИГІЗЕТІН АҚПАРАТТАН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ҚР ЗАҢЫ

-НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Оқу жылында 1-сынып бойынша 35 аптаға негізделіп ,аптасына 1 сағаттан тәрбие сағатының жоспары құрылды.Құрылған тәрбие сағаттары осы бағыттар бойынша өткізілді.

1. Рухани-адамгершілік тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек,экономикалық және эконологиялық тәбие
6. Интеллектуалды тәрбие,ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі ,салауатты өмір салты.

### Сыныптың мақсаты:

- ✓ ***Өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті сынып ұжымын ұйымдастыру;***
- ✓ ***тұлғаны зерделеу және қажет болған жағдайда оқушылардың тәрбиесін түзету.***
- ✓ ***туған жерін, тілін, халқын құрметтейтін, отбасылық құндылықтарды қастерлейтін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу***

Тәрбие сағаты әр аптаның дүйсенбі күндері өткізіледі.Жылдың басында класс белсенділері сайланып,міндеттері таныстырылды.

1-қыркүйек білім күні қарсаңында мектебімізде үлкен шара өткізіліп.1-сынып оқушылары түгел қатысты.Аудан қонақтары мен мектеп директорының қолынан оқушылар әліппе оқулығын алды. “Анвар” дүкенінің басшысы Салфиков Талғат оқушыларға оқу құралға толы сөмке сыйға тартты.

Атаулы мерекелерге арналған іс-шаралар мен қоса әр апта сайын іс-шара жоспарланып өткізілді.

Әр жарты жылдық соңында тәрбие диагностикасы жасалды. Жалпы оқушылардың тәрбие деңгейі жақсы. Атап өтер болсақ, Жолдасғали Аяулым өте жақсы деңгей болса, Алпысбаева Арайлым,Аққұс Әбдікәрім,Серікбаев Бекарыстың деңгейі жақсы. Себебі, ерекше тәртіп бұзатын балалар, сабаққа себепсіз кешігетін немесе келмейтін оқушылар жоқ. Мектепішілік тіркеуде тұрған оқушылар да жоқ.

2022-2023 оқу жылында өткізілген іс-шаралардан класс альбомы жасалды. Каникулдық іс-шараларға оқушылар белсене қатысты. Негізінде оқушылардың тәртіптері жақсы, бірақ еркеліктері әлі де байқалады. Сонда да осы жылға қойылған мақсатыма жеттім деп ойлаймын.

Сынып жетекшісі:Е.Ж Оспанов